


Ақтөбе қаласы білім бөлімі
ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-бағлабақшасы

2023-2029 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ
БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Бекітілді
ЖШС «NURSULTAN 7777»
бөбекжай-бағлабақшасының
№1 педагогикалық кеңесі шешімімен
«25» «08» 2023 жыл



Ақтөбе – 2023 жыл

Ақтөбе қаласы ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-бағабакшасының ПАСПОРТЫ



Мекеменің атты: ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-бағабакшасы

Құрылтайшы: Шавлетова Асем Құдайбергенқызы

Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Алтын Орда, 7Е

Электронная почта: 7777nursultan.batys@mail.ru

Инстаграмм: Nursultan balabaksha batys2

Расми сайты: <https://nursultan7777.kz/>

Ашылған жылы: 2023 жыл

Жоба қуаттылығы: 294 бала Топ саны: 12 топ Оқыту тілі: казак

Штаттық кестесі бойынша қызметкерлер саны: 61,5; педагогтар саны -26, техперсонал – 18 қызметкер.

Материалдық-техникалық базасы. «NURSULTAN 7777» бөбекжай-бағабакшасы балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған мектепке дейінгі ұйымдарының бірі. Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай жасау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік шарттар құрылды: күзеті бар, аумағы заманауи абаттандырылған, бейнедомфон, сыртқы және ішкі бейнебақылау (32 бейнекамера), күзет-өрт дабылы жүйесі, қауіпсіз пендік-кеңестік даму ортасы. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар мен мүмкіндіктері шектеулі келушілер үшін МДҰ аумағында және ғимаратында арнайы жағдайлар жасалған: пандус, кен кіреберістер, деретханалардағы арнайы құрылғылар. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын нығайту және жан-жақты даму үшін қосымша білім беру қызметтер ұйымдастырылған: логопедпен сабақтар, шебер колдар, хореография, ағылшын тілі, таэквандо, робототехника, түзетерация.

Инновациялар:

2025 жыл. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 12.03.2025 жылдың №119 бұйрығы «Жасыл бағабакша» республикалық бағдарлама бойынша пилоттық мекеме болып тағайындалған..

2025 жыл Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 24.11.2025 жылдың «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын өткізу туралы №265 бұйрығы негізінде 2026 жылғы қаңтар мен желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасының 100 мектепке дейінгі ұйым тізбесіне ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-бағабакшасы қосылған.

Менгеруші: Уркимбаева А.Ж. Жалпы еңбек өтілі - 38 жыл жоғары, жоғары білімді, 2022 жылдан бастап «Басшы-Көшбасшы» біліктілік санаты бар. 2017 жылда Ы.Алтынсарин төс белгісі және 2021 жылда «Мейрім-әлемге махаббатпен» А.Аймағамбетов білім министрінің төс белгісімен

ЖШС «NURSULTAN 7777» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

Бағдарламаның атауы		Ақтөбе қаласы ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының 2023-2027 жылдарға арналған Даму бағдарламасы
Даму бағдарламасын орындаушы	жауапты	ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы: МДҰ әкімшілігі, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері, қызметкерлер
Даму бағдарламасын құрастырушылар		Шығармашылық топ, бөбекжай-балабақшасының менеджері, әдіскер
Бағдарламаны құруға негіз болған нормативтік-құқықтық құжаттар		1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы 2. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 4. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 5. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 6. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 7. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі 8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары 11. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары 12. Мектепке дейінгі ұйымдарға және себиер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялыққағидалары 13. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары 14. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты 15. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары 16. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жаратқандыру нормалары 17. «Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 10 маусымдағы № 337 бұйрығы. 18. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. 19. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы. 20. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдыктармен және жиһазбен жабатқандығын нормалаудың бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 77

	кантардағы № 70 бұйрығы 21. «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы. Педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қантардағы № 95 бұйрығы). 22. ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балбақшасының Жарғысы
Өзектілігі	• Мектепке дейінгі білім берудің әлеуметтік ахуалын көтеру. • Балалар денсаулығын нығайту, аурушандық деңгейін түсіру. • Баланың өмірін қорғау және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құру; • Білім беру үдерісін тиімді ұйымдастыру және балаларды мектепке дейінгі ұйымдарда сапалы тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету; • Тәрбие мен оқытудың барлық қатысушылары – педагогтар, психологтар, ата-аналар мен баланың тұлғасын қалыптастыру, оның қабілеттерін дамытуда кешенді тәсілдер, тәрбие мен оқыту мазмұны мен әдістерінің бірлігі, сабақтастығы, үздіксіздігі және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы білім беру процесін интерактивті құру; • Білім беру процесін іске асырудың инновациялық тәсілі мақсатында балалардың шығармашылық және интеллектуалдық қабілеттерін арттыратын, эмоционалды-күштік саласын дамытатын, баланың танымдық қабілеттерін белсендіретін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңа, заманауи технологиялары мен әдістерінің қабылдануы.
Бағдарлама мақсаты	• Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушілерінің дағдылары мен рухани-адамгершілік құндылықтарын және жеке тұлғаны дамытуға бағытталған біліммен қамтамасыз ету, • Мектепке дейінгі ұйымда білім беру үдерісін жаңғырту, тәрбие мен білім беру сапасын көтеру, рухани-адамгершілік тәрбие беру.
Бағдарлама міндеттері	• Педагог мамандығының қажеттілігін арттыру және педагогикалық білім беруді жаңғырту. • Балалардың қауіпсіз және қолайлы тыныс-тіршілігі үшін жағдайлар жасау, баланың салауатты өмір салтын қалыптастыру. • Балалар денсаулығын сақтау, нығайту. • Балалардың физикалық дамуында дәстүрден тыс сауықтыру технологиясын және спорт түрлерінің жолдарын қолдану. • Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу мазмұнын жанартуда тиімді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану. • Жаңа технологиялар арқылы мектепке дейінгі балалардың патриоттық тәрбиені қалыптастыру бойынша тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру

	• Педагог міндеттерді іске асыру үшін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің барынша тиімді құралдары мен технологияларын қолдануы және игеруі. Осы мақсатта педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруы, білімін көтеруге айналысу; • МДҰ материалдық-техникалық базасын нығайту; • мектепке дейінгі ұйым дамуының тетіктерін жасау және олармен қамтамасыз ету; • мектепке дейінгі ұйымның дүниежүзілік стандарттар мен уақыт талаптарына сәйкес келетін дамытушы заттық-көністіктік және білім беру ортасын қалыптастыру; • мектепке дейінгі ұйым қызметінің инновациялық мазмұнын әзірлеу және енгізу. • мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін педагогтардың кәсіптік құзыреттілігін арттыру. • білім беру үдерісіне қатысушылардың бәріне субъект-субъектілік өзара әрекет ұстанымдарын енгізу. • өндіріс білім беру кәсіптігінен лайықты орын иелену, облыста жоғары рейтингке қол жеткізу; • «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша жалпыадамзаттық құндылықтар; • аймақта білімділік бойынша орын алуда лайықты; • қалалық, облыстық, республикалық деңгейде жоғары рейтингке жетуі;
Іске асыру мерзімдері	• 2023–2027 жылдар
Нысаналы индикаторлар	• 2 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту. • Мектепке дейінгі білім беру жүйесімен қанағаттанудың композиттік индексі (білім алушылар, жұмыс берушілер, түлектер және қызметкерлер). • Инновациялық жобаларды бюджеттен тыс көздерден бірлесіп қаржыландыру (Қамқоршылық кеңес тарапынан).
Қаржыландыру көздері және көлемі	Бағдарламаны іске асыру үшін 2023 – 2029 жылдары _____ көлемінде сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да қаражат. Бағдарламаны қаржыландыру көлемі тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерді бөкіту кезінде Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес және республикалық және жергілікті бюджеттердің, мемлекеттік жекешелік әріптестіктің кіріс мүмкіндігі бөлігіне қарай және басқа да балама көздерді тарта отырып нақтыланатын болады.
Ұраны	“Мен елімнің адал азаматымын”
Миссиясы	Ұлттық құндылықтарды дәріптеу; экологиялық мәдениет, құқықтық және қаржылық сауаттылық негіздерін қалыптастыру; та-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру; Балалық қасиеттерін сақтау: тандану, сенім, қарым-қатынас.

Жетекші функциясы	Баланың жеке тұлғалық әлеуеті
Шешуші пікір	Басты мақсатты көздей отырып баланы дұрыс жолға тәрбиелеу
Құндылықтарымыз	Балалар, отбасы, денсаулық, бақыт және ұлттық құндылықтар.
Біздің принциптеріміз	- ізгілік; - бала, ата-ана, педагогтар құқығына түсінушілікпен қарау; - балаға сүйіспеншілік; - сенім; - ашықтылық; - ынтымақтастық, түсінушілік; - табысқа қол жеткізу; - мектепке дейінгі ұйымының қарқынды дамуында басты қорытынды кілті – түлектердің жеке тұлғалық моделі;
Даму бағдарламасының орындалу уақыты және кезеңдері	Бағдарламаның жүзеге асырылуы 2023-2029 жылдар аралығындағы үш кезең: Бірінші кезең - 2023-2024 жылдар – ұйымдастыру-дайындық (бағдарламаның жүзеге асырылуына жағдай жасау); Екінші кезең - 2024-2028 жылдар (практикалық кезең) Үшінші кезең - 2028 - 2029 жылдар - қорытынды: Ақпараттық-аналитикалық кезең (мектепке дейінгі ұйымда бағдарламаның жүзеге асырылуына сапалық бағалау және өзгерістеріне мониторингі жүргізу)
Бағдарламаның орындалуына басшылық тарту	Даму Бағдарламасына түзету Қамқоршылық, педагогикалық кеңестерде жүргізіледі.
Даму бағдарламасының орындалуына бақылау	Бақылау жыл сайын мамыр айында жүргізіледі.

Кіріспе

Бағдарламаның мақсаты халықты қоғамда сұранысқа ие дағдылары бар жеке тұлғаны дамытуға бағытталған сапалы және әділ біліммен қамтамасыз ету, сондай-ақ нәтижелілікті арттыру үшін балаларда зияткерлік, әлеуметтік және тұлғалық әлеуетін дамытуда инновациялық технологиялар мен әдістерді қолданып, тұтас бала бейнесін қалыптастыру болып табылады.

Мектепке дейінгі балалық шақ — баланың моральдық-адамгершілік бейнесін қалыптастырудағы маңызды кезең. Дәл осы кезеңде баланың жеке тұлғасының дамуын анықтайтын құнды бағыттар, алғашқы адамгершілік түсініктері, сезімдері, әдеттері, қарым-қатынасы қалыптасады.

Мектепке дейінгі білім беру үздіксіз тәрбие берудің алғашқы сатысының және балаларды ерте шақтан әлеуметтендірудің әлемдік үлгісі болып қала береді, өйткені тәрбиелік үдерістің үздіксіздігі бала өмірінің мектепке дейінгі, мектептегі және кейінгі жылдарын байланыстырады. Сондықтан да мектепке дейінгі мекемедегі баланы дамытушылық және жеке тұлға ретінде қарай отырып, оның қызығушылықтары мен құқықтарын түсінуде және құрметтеуде қажет гуманитарлық жана жолына бағыттайтын жүйесін қалыптастыру.

Бағдарлама алты жылға есептелген және барлық мүдделі тараптардың білім мен тәрбиенің неғұрлым басым міндеттерін орындауға ресурстары мен күш-жігерін жұмылдыруға арналған.

Бағдарламаны іске асыру педагогтардың, білім алушылардың және білім беру қызметінде сапалы ұйымдастыруды, балабақша мен қоғам арасында тиімді коммуникация құруды болжайды.

Қазіргі күні елдің дамуын өлшеудің басты критерийі адамдар даму индексі деп есептейміз, өйткені ол өзіне күтілетін білім деңгейін, тұлғаның үнемі өзгеруі жағдайына бейімделу қабілетін интеграциялайды.

Адам құқығы Декларациясына сәйкес «Білім туралы» заңы, бала құқықтары туралы конвенциясы, Қазақстанның жана Конституциясы қабылданғалы бері қазіргі мектепке дейінгі мекемелер оның гуманизациясы және демократизацияның негізінде дамиды, сол арқылы тәуелсіз мемлекетте шығармашылық жағынан дамыған тұлғаны қалыптастыру үшін жағдайлар жасалуда.

Баланың мектепте жақсы оқуы тікелей оның мектепке дейінгі алған білімі мен тәрбиесіне байланысты. Қазақстан Республикасындағы жылдарға білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы аясында білімнің ұлттық моделінің бірінші деңгейін дамытуға үлкен мән беріледі. Өткізілетін реформалардың басты буыны тұтастай әлемдік көзқарасқа, дамыған лингвистикалық санаға ие мәдени тұлғаның қалыптасуы болып табылады. Бұл Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңдарында көрсетілген мемлекеттік саясатқа негізделеді.

Балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, дағдылардың негізгі бағыты, олардың жеке мәдениетін дамытуға, мектепте оқу үшін қажетті дағдыларын қалыптастыруға, қазақ тілі және басқа тілдерді оқытуға, балаларды интеллектуалдық және эмоционалдық тұрғыдан дамытуға, олардың физикалық, психикалық денсаулығын нығайтуға жағдай жасау болып табылады.

Мектепке дейінгі мекемелердегі тәрбиеленушілер білім мен дағдыға ие болып қана қоймай, олар өз беттерінше ақпараттарды таба білуі, талдай білуі, құрастыра және тиімді қолдана білулері қажет. Қазіргі қоғам процесіне нарықтық экономиканың енуі жан-жақты дамыған еңбеккер, шығармашыл, жоғары білімді және интеллектуалды адамдарды қалыптастыру нәтижесінде білім мақсатының бағытын ауыстырады. Мектепке дейінгі білім үздіксіз білім жүйесінің бастапқы буыны бола отырып, қазіргі таңда жан-жақты даму үстінде. Бүгінде оқыту технологиялары жаңартылды.

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының оқу-тәрбие жұмыстарының талдау анықтамасы

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасында 12 топтың оқу-тәрбие үрдісі ҚР білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, типтік бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған іс-ерекетінің жалпы көлемі оқу жүктемесіне, санитарлық-гигиеналық талапқа сай, ұйымдастырылған іс-ерекет кестесі үлгілік оқу бағдарламасы, үлгілік жоспарға және Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.01.2025 №12 бұйрық) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес асыруда.

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін: ҚР «Білім туралы» Заңына; Жарғысына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Оқу жұмыс жоспарларына; Ішкі тәртіп ережелеріне; ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне; ҚР Оқу-ағарту министрілігінің, облыстық білім басқармасының және қалалық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырылды.

Бөбекжай-балабақшаның оқу жұмыс жоспары қалалық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, ағымдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Әр топтың ұйымдастырылған іс-ерекетінің жылдық перспективалық жоспары білім беру дағдыларына-физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-ерекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру дағдылары ескере отырып құрылған. Жылдық жоспар, жас ерекшеліктеріне байланысты күн тәртібі балабақша меңгерушісімен бекітілген. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кенестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кенес берулер, тренингтер өткізіледі. Облыстық, қалалық семинар, шебер сыныптарына қатысып, іс-тәжірибе алмасып отырады. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарына жанаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады.

Перспективалық жоспарға сәйкес әр апта бойынша балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқып-үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған жан-жақты зерделеуге арналған апталық жоспар (циклограмма) жасалған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында циклограммаларда Санитарлық ережелер талаптарына сәйкес, балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдары қарастырылған. Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша материалдар топтамасын қолдануда және балалармен ұйымдастырылған іс-ерекетті жүзеге асырудағы әр оқу жылының бірінші педагогикалық отырысында бекітілген.

2023-2024 оқу жылы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: ойын арқылы оқыту; түрлі балалар ерекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

ЖШС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасында «Сымбат» мектеппен сабақтастық жоспары құрылып, балабақша меңгерушісі мен мектеп директорының қолы қойылып, мөрленген. Балабақша педагогтары жоспарға сәйкес мектеп кітапханасына, спорт залына, жалпы мектеппен танысуға тәрбиеленушілерді саяхатқа апару, сонымен қатар бастауыш буын педагогтарымен түрлі кездесу семинарларын өткізіп, үнемі тығыз байланыста болады. Балабақша педагогтары қалалық, аймақтық семинар практикумдарға қатысып, іс-тәжірибелерімен бөлісу жақсы жолға қойылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен стандартта айқындалған міндеттері орындауды талап етіледі. Сонымен қатар, «Біртұтас тәрбие беру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша, жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікке тәрбиелеу мақсатында жүргізілген іс-шаралар жүйесі бар. «Біртұтас тәрбие беру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс жоспары және материалдары бар. Әр жыл сайын жоспарға сәйкес Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірлестік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылады. Жылдық жоспарға

сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар балалардың туған болып қалыптасуына бағытталады: «Әжемнің ғажайып ертегілері» жобасы, «Ұлттық ойындар – Ұлт қазынасы», «Балабақша - жайлы мекен», «Шебер қолдар» ашық іс-шаралар. Ата-аналармен жұмыс түрлері жоспарға сәйкес өткізіледі. Түрлі мерекелік іс-шаралар, эстафеталық жарыстар, дөңгелек үстелдер мен психологиялық тренингтер, кенестер ұйымдастырылып, нәтижесінде ата-аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырамыз.

Балабақшада ата-аналармен қарым-қатынас жақсы қалыптасқан. Ата-аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата-аналар туралы мәліметтер жинақталған.

Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас ерекшеліктері сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеністікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілді.

Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырылуы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары деп білім беру жүйесін дамыту басымдылығын, адамның бостандығы мен құқығын қорғау, оқыту мен тәрбиелеу бірлігін дамыту, білімді басқарудың демократиялық сипатын, білім жүйесі қызметінің ашықтығын атап көрсеткен. Аталған заңның 44-бабының 9-шы тармағында білім беру ұйымдарын қоғамдық-мемлекеттік басқарудың бір үлгісі ретінде алқалы басқару органдарын құруға болатындығы айтылған. Бұл органдар бюджеттен қаржылынатын білім беру ұйымдарының қаржылық – шаруашылық мәселелерін шешуге көмек бере отырып, сонымен бірге білім беру ұйымының дамуына, оқу-тәрбие үдерісі салаларының көтерілуіне де әсер етуі керек.

Қамқоршылық кеңесінің ережесінде (БЖТМ 2017 ж. 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген) қамқоршылық кеңес білім беру ұйым қорына түскен демеушілік және т.б қаражаттың оқушылар мен олардың ата-аналарының сұрақ-талаптарын ескере отырып, тәрбие мен білім беру үдерісінің дамуына білім беру ұйымындағы тәрбиеленушілерге әлеуметтік қолдау көрсетуге, ұйымның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, спортты дамытуға, дарынды балаларды қолдауға, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруы қаралып, шығыстарының мақсаты жүзеге асырылуын коллегиялды түрде басқарады деп көрсетілген.

Материалды-техникалық және әдістемелік базасына талдау.

Барлық топтар заманауи балаларға арналған көп функционалды жиназдары және ойыншықтармен жабдықталған. 12 топта теледидар, музыка залында интерактивтік такта орнатылған, денешынықтыру залы, әдістемелік, психолог кабинеттер техникалық құрал-жабдықтармен қамтылған. Мемлекеттік стандарт пен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделінің» талаптарына сәйкес барлық топтарда және дәліздерде мобильдік кітапхана және ағылшын тілінде Bookcrossing кітапбұрыш ашылды. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қалыптастыруға медициналық және егілу кабинетінде жүзеге асырылады. Мектеп жасына дейінгі балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында галотерапия әдісімен оқу жылдың аяғында тұз бөлмесі ашылды. Балабақшада балалардың теңдестірілген 5-рет тамақтануы ұйымдастырылған. Көріктендірілген балабақшаның аймағында спорттық және ойындық жабдықтар балалардың денсаулығын нығайтуға, ата-аналармен тәрбиеленушілер арасында дене шынықтыру және спортты дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар экологиялық аймақ: шыршаалар, бақша, гүлзарлар экологиялық тәрбие беруге қызмет көрсетеді.

Бөбекжай-балабақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата-аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Топтарда сюжеттік-рөлдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған. Балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көленкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің эстетикалық талғамға сай жасалған.

Иновациялар:

Тақырыбы: «Жасыл балабақша» республикалық пилоттық бағдарлама

Негіз: 1. Ақтөбе облысының білім беру жүйесін дамыту бойынша 2023-2029 жылдарға арналған Жол картасы;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 шілдедегі №213 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі. Орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында экологиялық білім беру және тәрбиелеу іс-шараларының 2023-2029 жылдарға арналған жоспарының» «Жасыл балабақша» желісін құру» туралы 3.1. тармағы.

2. Ақтөбе облысы білім басқармасының 2025 жыл. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 12.03.2025 жылдың №119 бұйрығы

Мақсаты: бала санасына экологиялық түсініктер мен адам табиғаттын бір бөлігі екенін жеткізу. Адамның өмірі мен жеке басының жағдайы мен қоршаған әлеммен үйлесімді байланысында екендігін түсінетіндей құндылықтар жүйесін қалыптастыру. Танымдық әлеміне қызығушылығын арттыру, табиғат әлеміне адамгершілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.

Жобаның мақсаты – мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық санасын қалыптастыру, табиғатпен үйлесімді өмір сүруге үйрету.

Жобаның міндеттері: балалардың тәжірибелік және зерттеу қызметіне қызығушылықты ынталандыратын жағдайлар жасау; экологиялық мәдениетті дамыту; балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу; танымдық қабілеттерін дамыту және балаларды мәдени бақша өсімдіктерін өсіру бойынша практикалық іс-шараларға тарту арқылы еңбек дағдыларын қалыптастыру; ауланы көгалдандырып, бау-бақша егіп, экологиялық білім беру қазір әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан табиғатқа деген сүйіспеншілікті, оны қорғау дағдыларын кішкентай кезден бастап қалыптастыру маңызды. «Жасыл балабақша» жобасы дәл осы мақсатта қолға алынған.

«Жасыл балабақша» жобасының негізгі бағыттары:

- Балалардың табиғат туралы танымдық түсініктерін дамыту;
- Өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру;
- Қоршаған ортаны тазалығын сақтау дағдыларын үйрету;
- Қалдықтарды сұрыптау және қайта өңдеу негіздерін түсіндіру;
- Табиғи ресурстарды (су, электр энергиясы) үнемдеудің қарапайым ұғымдарын ұғындыру;
- Маусымдық өзгерістерді бақылау арқылы танымдық қабілеттерін дамыту;
- Табиғат аясында экологиялық ойындар мен тәжірибелер ұйымдастыру

Күтілетін нәтиже: балалардың танымдық белсенділігі, ақыл-ой қабілеттері мен білуге құштарлықтары дамыған; табиғи нысаналар мен құбылыстарды бақылау дағдылары қалыптастырылған; табиғат құбылыстарын бақылау және тәжірибе жұмыстарын жүргізуге қатысады.



Инновациялар:

Такырыбы: «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын

Негіз: 2025 жыл Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 24.11.2025 жылдың «Ерте жастан еңбекке және кәсіпке баулу» пилоттық жобасын өткізу туралы №265 бұйрығы негізінде 2026 жылғы қаңтар мен желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасының 100 мектепке дейінгі ұйым тізбесіне ЖПС «NURSULTAN 7777» бөбекжай-балабақшасы енгізілді.

Мақсаты: балаларды ерте жастан бастап мамандыққа баулу, еңбексүйгіштік және жауапкершілік сияқты жақсы қасиеттерді қалыптастыру.

Міндеттері:

- әр баланың жан-жақты дамуы мен әлеуетін ашу үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- тәрбиеленушілердің еңбек тәрбиесіне ықпал ететін дамытушы орта құру (аспаздық, тігін шеберханалары, құрылыс алаңы және т. б.);
- тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас үшін қажетті танымдық және зерттеу қызметінің қарапайым дағдыларын меңгеру;
- тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, мүдделерін ашу және дамыту;
- ұжыммен өзара қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру;
- жобаны іске асыруда отбасылармен ынтымақтастық.


Жобаның күтілетін нәтижелері:

- өзінің болашағы үшін, табысқа жету білім алу қажеттілігін түсінеді;
- еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңыздылығын түсінеді;
- өз күштері мен мүмкіндіктеріне сенеді;
- айналадағы заттар, ойыншықтар адам еңбегімен жасалғанын біледі және оларға ұқыпты қарауға тырысады;
- еңбек ардагерлерінің, қарттардың еңбегін құрметтейді және бағалайды;
- еңбекте, шығармашылық қызметте үздік нәтижелерге қол жеткізуге ұмтылады;
- тапсырылған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысады.

Ерте жастан еңбекке баулу-еңбекқор жауапты және кәсіби сауатты болашақ ұрпақты тәрбиелеудің негізгі тетігі.

Эксперимент уақыты: 2026 жыл

Экспериментке қатысушы: 3 МАД топ – 75 тәрбиеленуші, 5 педагог



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ, ОРТА, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУЫНЫҢ

2023 – 2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 28 НАУРЫЗДАҒЫ № 249 ҚАУЛЫСЫ.

І-ТАРАУ. МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ БЕРУ МЕН ОҚЫТУ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК САЛАСАТЫ ӘРБІР БАЛА ӨМІРІНІҢ СӘТТІ БАСТАМАСЫ РЕТІНДЕ САПАЛЫ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУҒА (БҮДАН ӘРІ – МТО) ТЕҢ КОЛЖЕТІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

МТО-НЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН МЕМЛЕКЕТТІК САЛАСАТТЫҢ НЕГІЗГІ КАФИДАТТАРЫ "БІЛІМ ТУРАЛЫ" ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫНДА АЙҚЫНДАЛҒАН, ОҒАН СӘЙКЕС БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ БІРІНШІ ДЕҢГЕЙІ ОТБАСЫНДА НЕМЕСЕ І ЖАСТАН БАСТАП БІРІНШІ СЫНЫПКА ҚАБЫЛДАҒАНҒА ДЕЙІН МЕНШІК НЫСАНЫНА ҚАРАМАСТАН МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ. БАЛА ӨМІРІНІҢ ОСЫ КЕЗЕҢІ АДАМНЫҢ ДАМУЫ ҮШІН ЕҢ ТИІМДІ КЕЗЕҢ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ ЖӘНЕ ОСЫ КЕЗЕҢДЕ "ЖІБЕРІП АЛЫНҒАН УАҚЫТ" БАЛАНЫҢ ДАМУЫ ҮШІН ДЕ, ЖАЛПЫ ЭКОНОМИКА ҮШІН ДЕ КЕРІ САЛДАРЫН ТИГІЗЕДІ.

ӘРБІР БАЛАНЫҢ БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ БІЛІМ АЛУЫ ҮШІН ТЕҢ БАСТАПКИ МҮМКІНДІКТЕР ЖАСАУДЫҢ МАҢЫЗДЫ ШАРТЫ МТО КОЛЖЕТІМДІЛІГІН КЕНЕЙТУ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ОСЫҒАН БАЙЛАНЫСТЫ БАЛАЛАРҒА ОРЫН БӨЛУДІҢ АШЫҚТЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА "МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА ЖІБЕРУ ҮШІН МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ (6 ЖАСҚА ДЕЙІН) КЕЗЕКKE ҚОЮ" МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ПРОЦЕСІ АВТОМАТТАНДЫРЫЛДЫ.

БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПАЛДЫ ДАРЫЛЫҚПЕН ҚАМТУ ҰЛҒАЮДА. ЖАҢА ОРЫНДАРДЫҢ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛУІНЕ, БАЛАБАҚШАЛАРДЫҢ АШЫЛУЫНА, МТО-МЕН ҚАМТУДЫҢ ҰЛҒАЮЫНА ҚАРАМАСТАН, КЕЗЕКТІЛІК ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ҚАЛА БЕРУДЕ: МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ОРЫНДАРҒА СҰРАНЫС МТО-НЫҢ ЖАҢА ОБЪЕКТІЛЕРІН ЕНГІЗУ ҚАРҚЫНЫНАН АСЫП ТҮСУДЕ. БҮДАН БАСҚА 2020 ЖӘНЕ 2021 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАЛА ТУУДЫҢ ӨСУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ 2023 – 2029 ЖЫЛДАРЫ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА КЕЗЕКKE ТҰРУ САНЫ ҰЛҒАЯДЫ ДЕГЕН БОЛЖАМ БАР.

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРҒА БАРМАЙТЫН АТА-АНАЛАРҒА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚАЖЕТ. СОНЫМЕН ҚАТАР БІРІНШІ КЕЗЕКТЕГІ МІНДЕТ – АТА-АНАЛАРДЫ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА БАЛАЛАРЫН ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУҒА ТАРТУ, ОЛАРДЫҢ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖОСПАРЫН ҚҰРУҒА ЖӘНЕ ІС-ШАРАЛАРҒА ТІКЕЛЕЙ ҚАТЫСУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.

2021 ЖЫЛЫ БІЛІМ МАЗМҰНЫН ЖАҢЫРТУДЫ КӨЗДЕЙТІН МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ БЕРУ МЕН ОҚЫТУДЫ ДАМУЫН МОДЕЛІ ҚАБЫЛДАНЫДЫ. МОДЕЛЬ ҒЫЛЫМИ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫ ДАМУЫ МЕН ОҚЫТУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ӨЗГЕРМЕЛІ ТАЛАПТАРҒА СӘЙКЕС МТО-НЫ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ, ОНЫҢ САПАСЫН АРТТЫРУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ БАҒЫТТАРЫН АЙҚЫНДАЙДЫ. МОДЕЛЬДІ ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҚОЛАЙЛЫ КАУПСІЗ ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙЛАР ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕДІ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАЗМҰН ЖАҢАРТЫЛДЫ, ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ. 2022 ЖЫЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ЖАЛПЫҒА МІНДЕТТІ СТАНДАРТ (БҮДАН ӘРІ – МЖС), ҰЛТІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫ, МТО-НЫҢ ҰЛТІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БЕКІТІЛДІ, БҮЛ ҚҰЖАТТАРДА МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАР ТҮЛЕКТЕРІНІҢ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ҚҰЗЫРЕТТЕРІ, МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ ПЕДАГОГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ҚАМТЫЛҒАН.

БАЛАНЫҢ ЖАЙЛЫ ЖӘНЕ ҚАУПСІЗ БОЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ, ИНКЛЮЗИВТІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕТІН БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІН ҚҰРУ, МЕНШІК НЫСАНЫНА ЖӘНЕ ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫЛЫҒЫНА, ТҮРЛЕРІНЕ ҚАРАМАСТАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА БАЛАЛАРДЫҢ ДАРАЛЫҒЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ҚОЛДАУ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.

МТО НЕГІЗГІ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ҚОҒАМДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА АСА ҚУАТТЫ ӘЛЕУЕТКЕ ИЕ. ЕРТЕ ЖАСТАН БАСТАП БАЛАЛАР ӘДБИЕТІ МЕН ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДБИЕТІ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІН САҚТАУ ЖӘНЕ МҰРА ЕТУ – БҰЛ БАЛАНЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ-ТАРИХИ КОДЫНА СӨЙКЕС БАЛУДЫҢ ЖӘНЕ БАЛАДА ӨЗІНДІК САНА-СЕЗІМДІ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘМБЕБАП ТӘСІЛІ. 2022 ЖЫЛДАН БАСТАП ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕ БАРЛЫҚ ЖАС ТОПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР ЕНГІЗІЛДІ. ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРТУ МАҚСАТЫНДА ПЕДАГОГ КҮНІ БОЙЫ МТО-НЫҢ ҰЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНДА АЙҚЫНДАЛҒАН СӨЗДІК МИНИМУМДЫ ҚОЛДАНАДЫ, БАЛАЛАРМЕН ӘРТҮРЛІ ҚЫЗМЕТ ТҮРІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ АУЫЗША ЖҮЙЕЛІ СӨЙЛЕУІН ДАМУЫН АНЫҚТАДЫ, БЕЛСЕНДІ СӨЗ ҚОРЫН БАЙЫТАДЫ, ҚАЗАҚ ТІЛІН, ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІН МЕНГЕРУГЕ ҮЛГІЛІ ЕТЕДІ, СОНДАЙ-АҚ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІМЕН, САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІМЕН ТАНЫСТЫРАДЫ.

ЖШС «NURSULTAN 7777» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫНЫҢ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттары "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту білім беру жүйесінің бірінші деңгейі ретінде отбасында немесе бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда; бес жастан бастап балаларды мектепалды даярлау отбасында немесе меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда, жалпы білім беретін мектептердің, лицейлер мен гимназиялардың мектепалды сыныптарында жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту жүйесіндегі мемлекеттік саясат халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарынан шыққан балалардың сапалы білім алуы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасауға және қолжетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру аясындағы қазақстандық қоғамдағы заманауи әлеуметтік мәдени трансформация ескеріле отырып әзірленеді. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері ұлттық құндылықтарын, бала өмірі мен денсаулығын, тұлғаның еркін дамуының басымдылықтарын, патриотизмге тәрбиелеуге құрылған. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері «Біртұтас тәрбие беру» рухани-адамгершілік бағдарлама аясында, 2025 жылдан бастап «Адал азамат» бағдарламасын іске асыру шеңберінде отбасылық тәрбие құндылықтары, мектепке дейінгі жастағы балаларды жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу, өзіндік дербестікті тәрбиелеу, өмірлік жағдайларды шешу, айналасындағы адамдарға құрметпен қарау, тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсету қабілеті мен дайындығын дамыту, ересектердің еңбегімен және кәсіптерімен таныстыру — осы бағыттағы тәрбие-білім беру үдерісінің мазмұнын айқындайтын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен негізделеді және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыруға жатады. Сондай-ақ оқу және тәрбие процесінің өзара кірігуі негізінде білім беру процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыруға, тәрбие мен оқытудың кіріктірілуіне, тәрбие әдіснамасын, мазмұнын мен құрылымын жанартуға бағдарланған.

Қазіргі кезеңде мектепке дейінгі білім беруді дамытудың басым бағыттары модельді іске асыруда көзделген сапалық көрсеткіштерді арттыруға бағытталған. Модельдің мақсаты – дені сау, дербес, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруге бағытталған тәрбиелеу мен оқыту жүйесін өзгерту арқылы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың бағыттары мен қағидаттарын айқындау. Модельдің міндеттері: педагогикалық процесті ғылыми негізде жетілдіру жолымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау; өзгерістерді нормативтік құқықтық сүйемелдеуді қамтамасыз ету; мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың сапасын арттыру және білім берудің сапасын бағалау құралын әзірлеу; қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде

